

Ибраева Ақмарал Госманқызы

ҚАЗІРГІ МУЗЕЙЛЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Ибраева Ақмарал Госманқызы

РОЛЬ МУЗЕЕВ В ФОРМИРОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ПАТРИОТИЗМА

Біз ғаеырлар тоғысында, әртүрлі үлгідегі қоғамдар қалыптасқан, осыған орай адамдардың психологиясы түрлі өзгерістерге бейімделген кезеңде өмір сүрудеміз. Адам баласының жасампаздығында шек жоқ екендігін елімізде, әлемде болып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістердің қарқыны дәлелдеп отыр. Дегенмен, ұлттық сананы қалыптастырушы тетіктің бірі тіл десек, екіншісі тарих екендігі аян. Бірақ біз әлі күнге дейін ата-бабаларымыз жаеап кеткен қайталанбас бай тарихымызды өндіріп көрсете алмай, жеме-жемге келгенде өзгелердің жазып кеткен еңбектеріне жүгінумен келеміз.

Қазақ халқы - кезінде Еуразия кеңістігін еркін жайлаған, артына өшпес мұра қалтырған кешегі сақтардың, ғұндардың, түркілердің ұрпағы. Олар өркениеттің керемет үлгісін қалыптастырды. Өзінің құндылығы мен кереметтігі жағынан Египет пирамидаларынан кем түспейтін торт бірдей ~«Алтын адам» қорғандарының қазақ жерінен табылуы осыған айғақ Сонымен қатар, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, ХҮІ-ХҮІІІ ғасырда елі мен жері үшін жан аямай күрескен Жалаңтөс, Қарасай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай батырлар, уығы мен керегесі алтынмен апталған ақ ордаың ішінде билік жүргізген Қасым, Хақназар, Есім, Тәуке, ^Дбылай сынды хайдардың ісінен бастау алғандары қаншама. Кешегі кеңестік зұлматтың шеңгіліне ілінген Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Шоқай, Ж.Аймауытұлы сында арыстарымыздың тарихтағы орны мен ролін жас ұрпаққа жеткізу де асқаралы міндет.

Бір сөзбен айтқанда, ұлттық сана мен патриоттық сезімді Қазақстан халқының бойына дарыту үшін Ұлы дала тарихын ұрпақ санасында тірілту керек. Бұл орайда, әрине, ғылыми, ағартушылық-біліми, мәдени мекеме ретінде музейлердің рөлі өте зор. Кезінде Кеңес үкіметі өз идеологиясын халыққа насихаттау үшін мектептен тыс мекемелерге, соның ішінде музейлерде ерекше көңіл бөлген. Мұндай тәжірибе нәтижесіз қалған жоқ, тіпті өзінің айтарлықтай жемісін де берді. Музейлер өз экспозицияларында социалистік қоғамның жетістіктерін насихаттаушы саяси-ағарту комбинатына айналып, бүкіл кеңес халқы жас ерекшелігіне қарай музейге экскурсияға келетін. Еидеше бүгінгі таңда музейлерді неге ұлттық сананы қалыптастыру мақсатында рухани мәдениетімізді жаңғырту орталығына айналдырмасқа.

Кезінде Елбасы «...Тәуелсіздік алғалы талай нәрсе өзгерді. Өзгермейтін біздің музейлеріміз ғана.

Қай облыстың музейлеріне барсаң да социалистік идеялар емеап алдыңнан шыға келеді Экспонаттар көп жерде сол күйінде тұр., Музей ісінің жан-жақты концепциясын жасау керек» - деген сын-ескертпесі музей жұмысында талай өзгерістерге әкелді III.

Иә, уа^ыт өз талаитарын қоюда. Кешегідей "пәлен музей ашылды" деп сан қуалащ ақпар беріп құтылатын заман келмеске кетті, Бүгінгі әңгіме басқаша, әр нәрсенің атқарылар сапасында, шындығында, тарихилығында, әлемдік кезқарае деңгейімен өлшенетіндігінде жатыр. Осы орайда еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері музейлер өмірінде қабырғаны қайыстырар қиыншылықтар да, ауыз толтырып айтарлықтай нәтижелі жетістіктерде болды. Әсіресе, ұлттың ұлылығыи, тарихи-мәдени^ мұранының баға жетпес құндылықтарын насихаттайтын ОРЦШЛЫ іе-шаралардың атқарылуы көңілге қонарлық. Ұлттық тарихты асқактатуда музейлер мүмкіндігінің шексіздігіне күмән келтіруге болмайды. Дегенмен, еліміз музейлер ісіндегі тәуелсіздік алғаннан бері атқарылған тұжырымды іс-шаралардың желісіне тоқталған жөн болар деп ойлаймын.

Біріншіден, Тәуелсіздік тұсында өзінің құрылымы, кәрнекілігі, болмыс-бітімімен ерекшеленетін музейлердің дүниеге келуі күптарлықпай жағдай. Мәселен, Президенттік мәдеиет орталығы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейлер, ашық аспан аясындағы музей-қорықтар. Музейлердің «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан іс-шаралары ғылыми жобаны жазу барысында кеңінен пайымдалады, Жалпы алғанда, бұл бағдарлама тәуелсіз ел тарихында ерекше орын алатын *жаңа әлеумегНк жоба, мәдениет саласындағы оңтайлы мемлекеттік саясаттың көрінісі Ел. рухының көтеріліп, ұлт жадының жаңғыруына септігін тигізген бағдарламаның патриоттық сезімді одан сайыға ерістететініне күмән жоқ

"Мәдени мұра" бағдарламасы аясында "Есік" және "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейлеріи ұйымдастыру жұмыстары жайнкүйінің қарастырылуы, ұлттық тарихымызға, оның ескерткіш-белгілеріне, жер бетінде қалған өрнек-іздеріне деген шынайы бетбұрысты, мемлекеттік мәртебедегі пайым биігін аңғартады. Қазақстандық «алтын адамдар» мен олардың алтын бұйымдарының Жапония, Америка, Ресей, Қытай, Германия, Франия, Түркия, Ұлыбританияда өткізілген көрмелері, ашық аспан астындағы әйгілі «Таңбалы

тас» қорық-музейінің шетел ғалымдары мен мамандарының қатысуымен музейлендірілді, «Есік қорғанынан» ашық аспан аясындағы музей жасау жұмыстары жүргізілуде.

Бұл музейлер бүгінгі тарихымыздың кернекемесеі ғаиа емес, азаттық, теңік, тәуелсіздік үшін алысқан ата-бабаларымыздың сан ғасырлық күресінің шежіресі міндетін атқаруы тиіс. Жас ұриакты ерлік, елдік рухқа тәрбиелейтін, туған жер мен елдің ұлы тұлғаларын баулитын, сол арқылы өз Отанын сүюге деген құлшынысын арттыратын рухани орда болуы керек.

Екіншіден, Тәуелсіздік лебімен құрылып жатқан музейлердің тарихи сананы қалыптастыруда, ұлттық рухани-мәдени мұраны жинақтап, насихаттау мақсатын жүзеге асыру үшін жаңаша бағытта қызмет атқарып жатқандығын айта кетуге болады, Музейлердің тақырыптық-экспозициялық жопарында «Тәуелсз Қазақстан» атты кернекемелік кешен пайда болды, Бұл белімдегі тәуелсіздік тарихының шежіресін жедел саралап көрсететін қойылымдар жас ұрпақты ел тарихының қайнарынан бастау алатын, терең білім иәрімен сусындатады. Жұмысын түбегейлі қайта құрған бұрынғы тарихи-өлкетану музейлерінде аталмыш белім жасақталып, талай жылдар бойы жинақталған тәжірибе негізінде оңтайлы істер атқарылуда. Әрине, мұндай керсеткіштер республика келеміндегі барлық музейлерге тән емес. Себебі, музей жұмысын ұйымдастыру тетіктерінің мемлекеттік көлемде назар аударылатын түрлі деңгейдегі қажеттіліктері мен қиыншылықтары бар.

Үшіншіден, әр кезеңде белгілі, белгісіз себептерге байланысты жоғалған және елден тысқары әкетілген құндылықтары іздестіру және мүмкіндік болса кейін қайтару жұмыстарының музейлер тарапынан жүзеге асырылуы бүгінгі таңда кезек күттірмейтін маңызды шара болып отыр. Ғаламда қайталанбас сән-салтанатымен таңдай қақтыратын Лувр, Эрмитаж, Третьяков, Дрезден галереясы сынды өнер, мәдениет, тарих ошақтары аз емес. Олардың жинақтаған қайталанбас құндылықтарын миллиондаған адамдар тамашалайды, Қазақстан музейлерін ішінен лайықтысын сондай деңгейге көтеретіндей мүмкіндіктер барма деген сұрақ еріксіз туындайды. Әриие бар. Қазақ жерінде мұндай материалдық, рухани құндылықтар жоқ па? Олай деуге ауыз бармайды. Қазақстандағы рухани байлық екі елдің бірінде жоқ. Ендеше сол рухани байлықты ұқсатып, талан-таражға түскенін қайтарып, ескелең ұрпақты ата-баба дәстүрінде тәрбиелеу, қайталанбас мәдениетті әлемге паш ету, халықтың игілігінә қызмет еткіу^Қажет.

Міне^ бүгінгі музейдің алдында тұрған басты міндет, жоғалған жәдігерлемізді іздестіру жұмыстарын жандандыру, табылған жағдайда мемлекеттік көлемде назар аударылып, ұлттық құндылықтардың езінің лайықты орнын табуға барынша атсалысу. Мәселен осы мақсатта аянбай

еңбек етіп жатқан Президент мәдени орталығы Абылай ханның шапанын тауып, музейдің қорына қабылдады. Сол сияқты Теле би бабамыздың шапанының жұрнағы жұрнағы, үйінің маңдайшасы, Құраны, оны ораған заттың дерегі оңтүстіктен табылып, музейге алдыру жұмыстары жүргізілуде. Қазыбек бидің шапанының дерегі Егіндібұлақтан шығып тұрғандығын Орталық директоры М.Жолдасбекұлы мәлімдеді. Соиымен қатар, Кенесары ханның күлдір мамыл мылтығы Омбы тарихи-елкетану музейінің қорынан табылса, Жәңгір хаинның баға жетпес құнды коллекцияның кейбір жәдігерлері Мәскеу және Санкт-Петербург музейлерінің қорында сақталғандығы анықталды. Мәселен, белгілі Қазақстан журналисі И.Аманжол Санкт-Петербургке сапары барысында Жәңгір хан коллекциясын әдейі іздеп жүріп оған тиесілі дулығаның этнография музейінде сақталғанын анықтады /2/.

Мәліметтерге жүгінсек кезінде Жәңгір хан қару-жарақ коллекциясын жинаған. Сол құндылықтардың кепшілігі із-түссіз жоғалып кетті. Кезінде Ш.Уәлиханұлы жинақтаған геологиялық коллекциялар қоры, Эрмитаждың «Сібір алтыны» қорын толықтырып тұрған жәдігерлер, 1935 жылы белгілі ғалым Қ.Сәтпаев тапқан Әмір Темір жаздырған тас, Омбы музейлерінің бірінде сақтаулы кешегі Кенесарының күлдір мамыл мылтығы және басқа да баға жетпес құндылықтар өкінішке орай елімізден тысқары кетіп, ұлттық мәдениетіміздің тетіктерін толықтыра алмай тұр. Зерттеу жұмысының барысында осы мәселеге ерекше кеңіл бөлініп, жауһар жәдігерлерімізді зерттеу арқылыздестіру жұмыстары жүргізіледі.

Төртіншіден, музей экспозицияларын Отандық тарихтың негізгі кезеңдеріне байланысты жаңа тұжырымдамалық кезқарас негізінде қайта құру жұмыстары жүзеге асырылуда. Осығын орай, белгілі. ғалымдардың қатысуымен Отандық музейтанудың теориялық-әдіснамалық негізі жасалып, музейл ерд ің ғы лыми тұжырымдамасы (концепциясы) құрастырыл ды. Тұңғыш рет музейлердің ғылыми тұжырымдасы кеңес кезеңінде қатып қалған марсктік-лениндік методология негізінде емес, еркін ойлау барысында Отан тарихының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктерін, музейтану қағидаттары және ұстанымдарыи сақтай отырып құрастырылды. Мұндай тұжырымдама музейлер жұмысын түбегейлі қайта құрып қана қойға жоқ, экспозиция көрермендерінің ой-ерісін өзгертуге, Отан тарихының шынайы сара жолын жан-жақты ұғынуға, жаңа құндылықтарды тамашалауға мүмкіндік тудырды. Мұндағы негізгі мақсат ғасырлар бойы жинақталған тарихты жас ұрпақтың санасына құю. Өйткеиі, өз ұлтының шын тарихын білмеген ұрпақ патриот бола алмайды.

Бесіншіден Қазақстан музейлерінің қалыптасуы мен даму тарихында тұңғыш рет «Мәдени мұра», «Мирас», «ҚР Орталық Мемлекеттік музейінің еңбектері» сынды музей басылымдарының дүниеге

келуі, тарих тағылымы аясында тартымды, енегелі материалдарды бұқара қауымға жеткізуге мүмкіндік тудырып отыр. "Мәдени мұра", "Экспедициялар, зерттеулер", "Кенеді жеткен бір белгі", "Жауһар жәдігерлер", "Көрмелер туралы"⁵², "Тұңғыш Президент музейінен", "Өнегелі өмір" тағы басқа езекті мәселелерді кепшілік қауым назарына ұсынып жатқан басылымдардың ашылған құптарлық бастама.

Алтынғиыдан, музей жұмысының компьютерленуі, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің ендірілуіне, Қазақстан музейлердің әлемдік кеңістікте езінің лайықты орнын алуына мол мүмкіндік тудыруда. Мәселен, Қазақстан Орталық Мемлекеттік музейінің коллекциялық қорын «Музеолог» бағдарламасы аясында өз интернет желісі арқылы бүкіл әлем тамашалауға мүмкіндігі бар. Мұндай мүмкіндікті еліміздің басқа музейлері де тиімді пайдалануда.

Бір сезбен айтқанда, музей - ел тарихы, ұлттың кене менталитеті, дүние жүзі мәдениетінің қайнар кезі тоғысатын жер. Себебі, музей қойылымдарына орналасқан әрбір мұраның астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын кез келген халықтың өмірінің жүріп өткен ізі, тарихы жатыр. Сондықтан, аталмыш тақырып қай тұсынан алып қарасақ та зерттеуді қажет ететін езекті, кекейтесті мәселе болып табылады.

Осы тұрғыда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "...Егемен еліміздің мәдени өмірінде музейлердің орны айрықша. Тарихымызды терең зерттеп, оның тәжірибесінен тағлым алу - Қазақстанда патриотизм қалыптастырудың, Оганның лайықты азаматтарын тәрбиелеудің баеты шарттарының бірі..."-деп, музейлерге қарата айтқан сөзі де дәлел /3/.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы «Ұлы мұраттар ұлы ниеттерден бастау алады немесе дамушы мемлекеттен - дамыған елдерге» атты Қазақстан халқына жолдауындағы "Назацетандық патриотизм мен саяси ерік-жігер - жаңа Қазақстанды құрудың аса маңызды факторлары" атты тарауында: "Біз осы таяуда ғана Тәуелсіздігіміздің он бес жылдығын атап өттік. Өткен жолымыз лайықты жол болды, ал біздің бірлескен шешімдеріміз бен тындырған ісіміздің нәтижелері таңданарлықтай болды. МұнБің бәрі де жаңа жалпықазақстандық патриотизмнің ірге тасын қалап, біздің Отанымыздың, біздің барша кепұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың, біздің балаларымыздың тамаша келешегі бар екеніне негізді мақтаныш пен сенімділікті туындатады", - деп қазақстандық патриотизм жаңа Қазақстанды құрудың негізгі тірегі екеніне тоқтала келіп, зайырлы қауым өзінің ерік-жігерін еліміздің дамуы мақсатында ауқымдағы жобаларды іске асыру үшін жұмылдырған кезде ғана жаңа даму деңгейіне жетіп, жалпықазақстандық патриотизмнің іргесі қаланатынын атап көрсетеді /4/. Кеп ұлтты Қазақстан халқы үшін Отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы

тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отансүйгіштік рух -қазақ елінің әлемдік еркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден-бір күш, Осы бағыта қоғамның басқа салалары сияқты музейлердің де қосатын үлесі ете зор.

Қай кезеңде болмасын л<астар тәрбиесіне ерекше кеңіл белінген. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Соңғы оы жылғы алуан өзгерістер ел өміріне жүз жылға бергісіз рухани серпілістер әкелді. Өскелең ұрпаққа үлгі боларлық кезеңдерден өттік. Осы ретте кененің кезіндей, тарихтың езіңдей болған жәдігерлерді жинақтап жүйелеу, оларды келешекке сақтап жеткізу, езге жұртқа барымызды көрсетіп насихаттау -абыройлы міндеттердің бірі» - деп музей ісінің маңыздылығын айтып өтті /5/.

Ендеше жастарды тәрбиелеу барысында қазақстандық патриотизмнің мәні мен. мазмұны, ерекшеліктері туралы неғұрлым толық ақпарат беру. Бүгінгі құбылмалы қоғамда нашакорлық, темекі шегу, түрлі секталарға тарту сында кереғар құбылыстар кебейіп кетті. Жас жеткіншектерді ондай пәлелерден і^тқарудың бірден-бір жолы ашық әңгімелер, деңгелек үстелдер, осы тақырыптарға арналған көрмелер, дәрістер өткізу арқылы дұрыс тәрбие беру қажеттігі туындайды. Мұндай іс-шаралардан музейлер тыс қалып жатқан жоқ. Мәселен, Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінде жас ұрпақтың отанына деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы күніне орай «Қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы» атты дәрістер оқылып онда, қайырымдылық пен жомарттықты, қонақжайлылықты толық сипаттайтын халқымыздың салт-дәстүрлері туралы маңызды мәліметтер айтылды. Сонымен қатар, осы музейде 1986 жылғы

Желтоқсан оқиғасының 20 жыл толуына орай «Желтоқсан жаңғырығы» атты шара өтіліп, қала жастарының көпшілігі тартылды/6/.

Бүгінгі Қазақстан музей ісіндегі оңтайлы жаңалықтардың бірі музейлік педагогиканының қолданысқа ендірілуі. Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әлеуметтік-экономикалық жағдайының артуы және оларды жүзеге асырудың аса маңызды құралы білім саласы. Осы тұрғыда республикамыздың бірқатар музейлерінде атап айтсақ, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейі, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде, ҚР Орталық Мемлекеттік музейінде, Шығыс Қазақстан тарихи-өлкетану музейінде отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында арнайы тәрбие сағаттары жүргізіледі. Мәселен, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейінде арнайы музейлік педагогика орталығы құрылып, онда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі мен рөлі туралы мәселелер қарастырылады.

Сонымен қатар, «Қазақстанның тарихы және мәдениеті», «Бала және мәдениет» атты жобалар аясында жұмыс атқарылуда.

Қазақстандық патриотизм - Қазақстанды мекендейтін барлық ұлт пен ұлыстардың, халықтардың Қазақстан мемлекеті әлемдік биіктен көріну жолында білім, мәдениет, экономика, әлеуметтік тұрғыда дамуына жағдай жасай отырып, еліміздегі бейбітшілікті, бірлік пен тәуелсіздікті сақтау үшін барлық күш-жігерін жұмсау деген тұжырымға келіп отырмыз. Ал, қазақстандық патриотизмді музей қорнектөмелері негізінде іске асыру көп ұлтты Қазақстанда бірлік пен елдікті сақтай отырып, демократияландырылған, әлемдік оркениеттен орын алу идеологиясына негізделген стратегиялық бағыт-бағдар болып табылады.

Әдебиеттер:

1. «Қазақтың бүкіл тарихы - бірігу тарихы, тұтастану тарихы» // Қазақ әдебиеті, 27 наурыз 1998 ж.
2. И.Аманжол. Музейные трагедии // Деловая неделя. 23 (751) 15 июня 2007 г.-СЛ4.
3. Казахстанская правда, 19 мая 1998 года.
4. Иманбаева С.Т., Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің ғылыми педагогикалық негіздері Шед. ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты. Қарағандық 2007. - Б.3.
5. З.Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ішкі сөзі //Қазақстан музейлері. -2002,- №1.
6. Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігінің ағымдағы мұрағаты. «Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейі» мемлекеттік мекемесінің 2006 жылғы жиналысы туралы есебі. -Б.9.